



Салық қызметі органдарын әлеуметтік дамыту және материалдық-техникалық қамтамасыз ету қорын пайдаланудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 1 тамыз N 1205. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.03.18. N 257 қаулысымен

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235 _ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат) сәйкес Қазақстан

Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Салық қызметі органдарын әлеуметтік дамыту және материалдық-техникалық қамтамасыз ету қорын пайдаланудың тәртібі туралы ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 1 тамыздағы
N 1205 қаулысымен
бекітілген

Салық қызметі органдарын әлеуметтік дамыту және
материалдық-техникалық қамтамасыз ету қорын
пайдаланудың тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

Осы Ереже салық қызметі органдарын әлеуметтік дамыту және материалдық-техникалық қамтамасыз ету қорын (бұдан әрі - Қор) пайдаланудың тәртібін айқындайды.

I. Жалпы ережелер

1. Қор Салық комитеті мен Салық полициясы департаментінің орталық аппараттарында және олардың аумақтық органдарында құрылады.

2 . Қ о р :

осы органдар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу қоры сомасының 25 проценті мөлшерінде республикалық бюджет қаражатының;

еңбекақы қорының жыл ішінде пайда болған үнемінің;

салықтардың, алымдардың және мемлекеттік бюджетке басқа да міндетті төлемдердің, бақылау жұмысының нәтижесі бойынша айыппұлдар мен өсімақылардың жете есептелген және келіп түскен сомаларының, сондай-ақ әлеуметтік сақтандыру қорларына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті жарналарды уақытында төлемегені үшін өсімақылар сомаларының 10 проценті есебінен құрылады .

3. Қордың қаражаты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Бюджеттік банкінің мекемелерінде Салық комитеті мен Салық полициясы департаментінің орталық аппараттары үшін жеке, сондай-ақ олардың аумақтық органдары үшін жеке ашылатын "Тапсырмалар бойынша сомалар" ағымдағы шоттарында сақталады .

Қордың республикалық бюджеттің қаражаты есебінен құрылған қаражатын есепке алу ай сайын республикалық бюджет бойынша несиелер ашуға және қаржыландыруға қарай салық қызметінің тиісті айға шығыстарының сметасы бойынша көзделген еңбекақы қорынан 25 проценті мөлшерінде "Тапсырмалар бойынша сомалар" ағымдағы шотына жүргізіледі.

Қордың еңбекақы қорын үнемдеу есебінен пайда болған қаражатын есепке алу жылдың аяғында, 31-күнінен кешіктірілмей "Тапсырмалар бойынша сомалар" ағымдағы шотына жүргізіледі.

Қордың жете есептелген сомаларының есебінен пайда болған қаражатын есепке алу олардың пайда болуына қарай жыл ішінде "Тапсырма бойынша сомалар" ағымдағы шотына жүргізіледі. Көрсетілген қаражаттардың жалпы сомасының 50 проценті тиісті аумақтық органдардың иелігінде қалады, ал 50 проценті олардың келіп түсуіне қарай айына бір рет, есепіден кейінгі айдың бесінші күніне дейін Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен Салық полициясы орталық аппаратының "Тапсырмалар бойынша сомалар" шотына аударылады .

4. Қордың жыл ішінде пайдаланылмаған қаражаты алынуға жатпайды және осы органдардың билігінде қалады .

II. Қордың қаражатын пайдаланудың тәртібі

5. Қордың қаражатын пайдалану үшін аумақтық салық комитеттері мен облыстық салық полициясы басқармаларының басшылары, сондай-ақ Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасы мен Салық полициясы департаментінің директоры бекітетін шығыстар сметасы жасалады. Қордың қаражаты қатаң нысанасы бойынша төменде көрсетілген мақсаттарға, мынадай мөлшерлерде:

жабдықтар, мүкәммалдар, ұйымдастыру техникаларын (оның ішінде септеу техникаларын), көлік құралдарын, сондай-ақ қызметтік пәтерлер мен үй-жайлар с а т ы п а л у ғ а - 6 0 % ;

деректер банкінің бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесін қалыптастыруға және негізгі функцияларын орындауға байланысты басқа да мақсаттарға - 10%;

қызметкерлерді материалдық ынталандыруға және ұзақ мерзімдік қарыздар б е р у ғ е - 2 0 % ;

сараптамалар, консультациялар және өзге де жұмыс түрлерін жүргізу үшін басқа жақтан тартылған мамандардың еңбегіне ақы төлеуге - 3%;

қызметкерлерді емдеу-сауықтыру шараларына, сондай-ақ денсаулық сақтау жөніндегі басқа да мақсаттарға - 3%;

қызметкерлердің біліктілігін арттыруға байланысты шығыстарды төлеуге - 4 % п а й д а л а н ы л а д ы .

Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасы мен Салық полициясының департаменті директорының есепті жылдың желтоқсанында жабдықтар, мүкәммалдар, ұйымдастыру техникаларын, көлік құралдарын, қызметтік пәтерлер мен үй-жайлар сатып алуға, сондай-ақ деректер банкінің бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесін қалыптастыруға және негізгі функцияларды орындауға байланысты басқа да мақсаттарға көзделген сомаларды қоспағанда, пайдаланылмаған қаражаттарды қайта бөлу жөніндегі бекітілген шығыстар сметаларына өзгерістер енгізуге құқығы бар.

III. Лауазымды адамдардың жауаптылығы

6. Салық қызметтерінің басшылары мен бас бухгалтерлері қордың

құрылуы мен мақсатты пайдаланылуының дұрыстығы үшін жеке жауаптылықта болады.

7. Қорға заңсыз немесе қателесіп есептелінген қаражаттың сомалары қайтарылуға жатады.

8. Кінәсінен қаражаттың заңсыз есептелуіне, сондай-ақ қор

қаражатының мақсатсыз пайдаланылуына жол берілген лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес тәртіптік және материалдық жауаптылықта болады.

IV. Қор қаражатының пайдаланылуы бойынша бақылау жасау

9. Қор қаражатының жұмсалуына бақылау жасауды салық қызметінің тиісті жоғары тұрған органдары жүзеге асырады.